

ҚОС БАТЫР – ҚОС ҮМІТ: ГІР СПОРТЫНДАҒЫ ЖАҢА БИІКТЕР

«ЕҢБЕК ТҮБІ – БЕРЕКЕ», – дейді ДАНА ХАЛҚЫМЫЗ. ОСЫ БІР ТӘМСІЛ БҮГІНДЕ ОЙЫЛ ЖЕРІНІҢ ҮМІТІН АРҚАЛАП ЖҮРГЕН ҚОС ЖАС СПОРТШЫҒА ДӨП КЕЛЕТІНДЕЙ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАСӨСПІРІМДЕР МЕН ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ГІР СПОРТЫНАН ӨТКЕН ЧЕМПИОНАТТА ЕКІ БІРДЕЙ ӨРЕНІМІЗ АУДАНЫМЫЗДЫҢ МЕРЕЙІН АСҚАҚТАТТЫ.



2007–2008 жылы туған жасөспірімдер арасындағы байрақты бөсекеде Ойылдан шыққан Сапарғали Рамул Асылбекұлы 58 келі салмақ дәрежесінде серпе көтеруден қарсылас шақ келтірмей, алтын медаль иеленді. Оның бұл жеңісі – тек жеке табыс емес, облыс спортының да жарқын жетістігі. Ал осы жарыста 58 келіде сынға түскен тағы бір оғлан – Жақсығалиев Жандарбек Азаматұлы күміс жүлдеге ие болып, өзінің мықтылығын

тағы бір дәлелдеді. Екі саңлақ – спорт шеберіне үміткер атағының иегерлері. Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің оқушысы Жандарбек Жақсығалиев 58 келі салмақ дәрежесінде II орын иеленіп, күміс жүлдені қанжығасына байлады. Бұл – Жандарбектің алғашқы ірі жеңісі емес, болашағынан үлкен үміт күттіретін жарқын қадамы. Оның жеңісі – жаттықтырушысы Нұрасхан Сәрсенғалиевтің тынымсыз еңбегінің де жемісі.

Сапарғали Рамул – гир спортында бірнеше мәрте облыстық әрі республикалық додаларда топ жарып, тәжірибесімен де, төзімімен де дараланған спортшы. Оның жеңісі – жастарымызға жігер, жас буынға үлгі. Жандарбек Жақсығалиев те өз жолын сеніммен бастаған, болашағынан зор үміт күттіретін талант. Бұл күміс – оның алтынға апарар жолындағы алғашқы баспалдағы ғана. Сапарғали Рамул 2025 жылдың 26–30 сәуірі ара-

лығында Өзбекстанның Қанабат қаласында өтетін Әлем чемпионатына аттанады. Ал Жандарбек Жақсығалиев алдағы мамыр айында Қырғызстан астанасы Бішкекте өтетін Азия чемпионатына жолдама алып, үлкен сын алдында тұр. «Жас келгенде – жасқана қимылдасаң, кәрі келгенде – қажып қимылдайсың», – деген. Бүгінгі тынымсыз тер – ертеңгі жеңіс көпірі. Жастарымыздың талпынысы – ел спортының келешегінің айнасы.

ТАЗАЛЫҚ – ТӘРБИЕНІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

«ТАЗАЛЫҚ ТАБАЛДЫРЫҚТАН БАСТАЛАДЫ» ДЕМЕКШІ, АЙНАЛАМЫЗДЫҢ АЖАРЫН АШАТЫН, РУХАНИ КЕМЕЛДІГІМІЗДІ КӨРСЕТЕТІН - ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ТАЗАЛЫҒЫ. КӨКТЕМНІҢ ШУАҒЫМЕН БІРГЕ ОЙЫЛ ӨЛКЕСІНЕ ДЕ ЖАН БІТТІ. ЖЕР-ЖЕРДЕ ҚЫЗУ ТАЗАЛЫҚ, КӨҒАЛДАНДЫРУ ЖӘНЕ КӨРІКТЕНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРІП ЖАТЫР. ӨСІРЕСЕ, БҰЛ БАСТАМАЛАРДЫҢ АЛҒЫ ШЕБІНДЕ ЖҮРГЕНДЕРДІҢ БІРІ - ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУРУХАНАСЫНЫҢ ҰЖЫМЫ.

«Тазалық - саулық кепілі» деген ұранды ұстанған ақ халатты абзал жандар тек денсаулыққа ғана емес, қоршаған ортаға да жанашырлықпен қарап отыр. Аурухана ұжымы аудан көлемінде жарияланған көктемгі екі айлық сенбілік аясында өздеріне тиесілі аймақтарда белсенділік танытты. Көшелер мен әлеуметтік нысандар маңы, мекеме ауласы - бәрі тап-тұйнақтай етіп тазартылды. Бұл игі іске бас дәрігер Сәндібек Нұрбаевтың өзі бастамашы болып, ұжым мүшелерін жігерлендіре білді. Аурухана ұжымы тазалық жұмысымен шектелмей, табиғатты түлету ісіне де үн қосты. «Ағаш еккен - ұрпаққа мирас қалдырғанмен тең» деген ниетпен емдеу мекемесінің аумағына 100 түп ағаш отырғызылды. Бұл - бір күндік науқан емес, келешекке жасалған қамқорлық, елді мекеннің келбетіне қосылған елеулі үлес. Өсіресе, жеміс ағаштарын



отырғызу — аурухана ұжымының тек экологиялық міндеттерін ғана емес, рухани құндылықтарын да жоғары деңгейде орындап отырғанын көрсетеді. Тазалық - тек сенбілікте ғана көрінетін шара емес. Ол - өмір салтына айналуы тиіс құн-

дылық. Бұл ұстанымды аудан жастары да қолдап отыр. "Таза Қазақстан" экологиялық жобасы аясында өткен "Таза бейсенбі" акциясы - соның айғағы. Аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев бастаған жастар 3 шақырым аумақты

күл-қоқыстан тазартып, екі тонна қалдық шығарды. Бұл - бір күндік еңбек емес, елдік мүддеге қосылған үлес. Тазалық шараларына аудандық мәслихат, ардагерлер кеңесі, Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, қоғамдық ұйымдар да атсалысты. «Бірлік болмай - тірлік болмас» демекші, ел болып жұмылғанда ғана ортақ мекеніміздің келбеті көркеймек. Бұқараның белсенділігі - билікке серпін, ұрпаққа үлгі. «Туған жерге туынды тік» десек, сол туған өлкені таза ұстау - әр азаматтың перзенттік парызы. Бұл - ұран емес, ұлағат. Бұл - науқан емес, нағыз намыс. Ендеше, табиғаттың тынысын тыңдап, туған жердің келбетін көркейтуге үлес қосайық! «Тазалық - иманның жартысы» деген дана халқымыздың өсиетін естен шығармайық. Өзімізден басталатын игі іс - өзгеге үлгі, ұрпаққа аманат болсын!

ӘКІМ САЙЛАУЫ-2025

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2025 жылғы 9 сәуір № 6 Ойыл ауылы

Ойыл ауданының Көптоғай және Саралжын ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-1 бабының 1-тармағы, 1-тармақшасына сәйкес Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ойыл ауданының Көптоғай және Саралжын ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы 2025 жылғы 18 мамырға тағайындалсын.
- Ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарды ұсыну 2025 жылдың 10 сәуірінен басталып және ұсыну мерзімінің аяқталуы 2025 жылдың 22 сәуірі күнгі сағат он сегізге дейін болып белгіленсін.
- Ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарды тіркеу мерзімінің аяқталуы 2025 жылғы 27 сәуір күнгі сағат он сегізге дейін болып белгіленсін.
- Осы қаулы аумақтық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық «Ойыл» газетінде жариялансын.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы **Б.Бисекенов**

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы **Н.Кенжебеков**

ӘКІМ САЙЛАУЫ-2025

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2025 жылғы 9 сәуір № 7 Ойыл ауылы

Ойыл ауданының Көптоғай және Саралжын ауылдық округтері әкімдерін сайлау жөнінде сайлау округтерін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21 бабының 4)тармағына және 22 бабына сәйкес Ойыл аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ойыл ауданының Көптоғай және Саралжын ауылдық округтері әкімдерін сайлау жөнінде мынадай сайлау округтері құрылсын:
 - Көптоғай ауылдық округінің шекараларында - Көптоғай сайлау округі;
 - Саралжын ауылдық округінің шекараларында - Саралжын сайлау округі;
- Сайлау округтерінің тізімі, олардың шекаралары және аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері көрсетіле отырып, Ойыл аумақтық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық «Ойыл» газетінде жариялансын.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы: **Б.Бисекенов**

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы: **Н.Кенжебеков**

Ақтөбе облысы Ойыл ауданының Көптоғай және Саралжын ауылдық округтері әкімдерін САЙЛАУ	
Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамы және орналасқан жері	
Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Көкжар көшесі № 69 үй, 315 бөлме тел. 8 (71332) 2-16-10	
Бисекенов Берік Телеуұлы	төраға
Бақтыгереев Сәбит Бақытұлы	төрағаның орынбасары
Кенжебеков Нұрсұлтан Бисембайұлы	хатшы
Комиссия мүшелері:	
Қартбаев Серік Сағынұлы	
Маханова Самал Асқарқызы	
Назаров Әлішер Жүсіпқалиұлы	
Сәттібаев Қонақбай Кәримоллаұлы	

КЕҢ ТАРАЛҒАН ҚЫЛМЫСТЫҢ БІРІ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҒЫ

РЕСМИ СТАТИСТИКАҒА СҮЙЕНСЕК, СОҢҒЫ 5 ЖЫЛДА ЕЛІМІЗДЕ ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚ ФАКТІСІ 10 ЕСЕ ӨСКЕН. ӨСІРЕСЕ, АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ОНЛАЙН САУДА МЕН ТАНЫМАЛ САЙТТАР АРҚЫЛЫ АЛАЯҚТЫҚ ҚҰРБАНЫ БОЛУ КӨРСЕТКІШІ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЖОҒАРЫ.



Сонымен қатар, қылмыскерлер онлайн-қарыз алу жолымен және банк карталарынан ақша жымқырады. Алаяқтар көбінесе, құрбандарын инвестиция салу, бәс тігу, ойын және лотерея арқылы табысқа кенелуге шақырады. Сондықтан, онлайн сауда жасайтын кезде күмәнді транзакциялардан бас тартыңыз. Банк картасының деректерін, шот номерін және қауіпсіздік кодын бөтен адамға бермеңіз. Банкердің күмәнді сілтемелерін ашпаңыз. Жыл басынан Ойыл аудандық полиция бөлімінде 3 алаяқтық фактісі тіркелген болатын. Сондықтан, күмән туғызатын сілтемелер бойынша кіріп, ол жерге жеке мәліметтеріңізді енгізбеңіз! Танымайтын адамға ақша аудармаңыз. Егер банк картаңыздан ақшаны заңсыз алып қойса, дереу банкке немесе полицияға хабарласу керек. Алаяқтық қоғамның жағдайына байланысты түрленіп, дамып, жаңа сипатта көрініс беріп жатады. Алаяқтықтың бүгінгі таңдағы жаңа бір сипаты – ақпараттық жүйені пайдалану арқылы бөтеннің мүлкін жымқыру, яғни интернет алаяқтық болып отыр. Яғни бұл жерде қылмыскер компьютер, смартфон, планшет секілді заманауи құралдардың көмегімен интернет арқылы адамдарды алдап, мүлкін жымқыру секілді жымымсық әрекеттерге ба-

рады. Бүгінде интернет алаяқтықтың ауқымы кеңейіп, әртүрлі интернет ресурстары мен әлеуметтік желілерді пайдалана отырып алаяқтардың арбауына түскен алданушылар саны күн санап өсуде. Интернет алаяқтар қазір елдің ақшасын интернет-мессенджерлер арқылы үтпей кетуге тырысады. Қаржы жобаларын ұсынып, өзін брокермін деп таныстыратын алаяқтар да көп. Қазіргі кезде инвестициялық жобаларға қатысты алаяқтық та жиіледі. Азаматтар жинаған ақшаларын қаржы жобаларына саламыз деп сан соғып жатады. Одан өзге әлі алмаған тауарына немесе қызметке ақша жіберіп, алданып жатады. Интернет алаяқтықтың тағы бір түрі – фишинг. Бұл – интернет пайдаланушының жеке мәліметтерін (логин мен пароль) жасырын алу. Қаскүнемдер алдымен танымал брендтердің немесе банкердің атынан жаппай электронды хаттар таратады. Сондықтан, электрондық адресіңізге өзіңізге қатысты емес, сіз білмейтін мекен-жайлардан келген хаттарды ашпаған жөн, ашқан күннің өзінде ол жерде көрсетілген сілтемелерге кірудің қажеті жоқ. Ондайларды мүмкіндігінше сол келген бойында жойып отыру керек және міндетті түрде вирусқа қарсы бағдарламаларды қолданған жөн. Еліміздің банкері мен

байланыс операторлары алаяқтықтың жаңа түрі туралы мәлімдеме жасап отырады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (әрі қарай ҚК) 190-бабының 1 - бөлігінде алаяқтықтың түсінігі берілген. Алаяқтық - бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену. Қарапайым сөзбен айтқанда алаяқтық - алдау және сенімге қиянат жасау жолымен бөтен мүлікті ұрлау болып табылады. Ақпараттық жүйені пайдаланып, алдау, арбау арқылы ақшалы болудың ең көп таралған жері – сауда-саттық маңы. Instagram, Facebook, WhatsApp әлеуметтік желісі арқылы мұндай қылмыстар жиі жасалып жатады. Instagram, Facebook желілерінен кімнің ақ, кімнің арам екенін ажырату өте қиын. Киімдер, автобөлшектер, күнделікті тұрмыс заттарын сатып, талайдың ақшасын қалтасына басқан қылмыскерлер тұтынушылардың сеніміне қалай кіру керектігін ғана емес, онлайн-сауданың қыр-сырын да мықты меңгеріп алады. Интернет-алаықтық деп – ақпараттық жүйені пайдалану арқылы бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді айтамыз. Яғни, бұл жерде қылмыскер компьютер, смартфон, планшет секілді заманауи құралдардың көмегімен интернет арқылы адамдарды алдап-арбап, олардан ақша бопсалау, мүлкін жымқыру секілді жымымсық әрекеттерге барады. Елімізде көп кездесіп жүрген алаяқтық түрлеріне: интернет-дүкенмен байланысты алаяқтықтар, фишинг, интернет арқылы қайыр сұрау, телефон-алаықтық, SMS-алаықтық және интернет-банкинг арқылы жасалатын қылмыстар жатады.

Ойыл аудандық полиция бөлімі


ЕGov MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА КӨЛІК ИЕСІНЕ ХАБАРЛАМА ЖІБЕРУ МҮМКІНДІГІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

еGov Mobile мобильді қосымшасында жаңа «Көлік иесіне мәселе туралы ескерту» қызметі іске қосылды. Енді көз келген пайдаланушы көлік құралының ақаулары немесе қиындықтары туралы көлік иесіне жедел ескерту жібере алады. Бұл мәселені тез арада шешуге және келеңсіз жағдайлардың алдын алуға көмектеседі. Қызмет көлік жол жүруге кедергі келтіргенде, жол-көлік оқиғасына ұшырағанда, шамдары қосулы қалып қойғанда, дабыл жүйесі іске қосылғанда немесе дөңгелегі жарылғанда өте пайдалы. Жедел хабарлама автокөлік иесінің уақытында қажетті шараларды қабылдауына мүмкіндік береді.

ҚЫЗМЕТТІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН:

- еGov Mobile мобильді қосымшасына авторизациядан өтіп, «Танымал қызметтер» бөлімін ашу керек;
- «Көлік иесіне мәселе туралы ескерту» қызметін таңдау қажет;
- көлік иесіне қандай ақпаратты жеткізу қажет екенін көрсетіп, «Жалғастыру» батырмасын басу керек;
- автокөліктің мемлекеттік тіркеу нөмірін енгізіп, «Хабарлама жіберу» батырмасын басу қажет.

Пайдаланушы қызметті 2 сағат ішінде тек 5 рет пай-



далана алатынын атап өту маңызды. Мәтіндік хабарламаларды жіберу кезінде өтініш беруші көліктің иесі туралы ешқандай ақпарат алмайды, еGov Mobile қолданбасы пайдаланушыларға анонимді хабарламалар жібереді. Сұрау жіберілгеннен кейін жүйе Ішкі істер министрлігінің ақпараттық жүйесіне сұраныс жолдап, автокөлік иесін анықтап, оған хабарлама жібереді. Егер пайдаланушыда push-хабарламалар қосулы болса, ол смартфонына бірден ескерту алады. Хабарландырулар өшіріл-

ген жағдайда, ақпарат еGov Mobile қосымшасының «Хабарламалар» – «Таратылымдар және ескертулер» бөлімінде қолжетімді болады. Жаңа қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Ішкі істер министрлігінің бірлескен жұмысының нәтижесінде іске қосылды.

Жайна СЕЙДАХМЕТ, «ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІГЕ БӘС ТІГУГЕ БОЛМАЙДЫ!

2024 жылғы қыркүйекте елде ойын бизнесі мен лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер күшіне енді. Заңнамаға халықтың құмар ойындарға тартылуын азайтуға бағытталған нормалары енгізілді. Бұл шаралар мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету және қоғамның сенімін арттыруға да бағытталған. Атап айтқанда, құмар ойындарға және бәс тігуге тыйым салынған тұлғалар тізімі кеңейтілді. Енді бұл шектеу мемлекеттік қызметшілерге, оның ішінде әскери қызметкерлерге, арнайы және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ бюджеттік ұйым басшыларына қолданылады. Мемлекет басшысының

тапсырмасы бойынша Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мемлекеттік қызметшілер арасында лудоманияның таралуына жол бермеу үшін ойын жүйелі жұмыс жүргізуде. Осы шаралар аясында оқыту семинарлары, түсіндіру кездесулері, тақырыптық тренингтер және ақпараттық кампаниялар ұйымдастырылады. Ең алдымен, Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі ойын мекемелерге барудан тартынуды міндеттейтін нормамен толықтырылды. Сонымен қатар, 2024 жылғы шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға өзгерістер енгізіліп, жаңа сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеу белгіленді. Енді мемлекеттік қызметшілерге құмар ойындарға және бәс тігуге, оның ішінде ойын орын-

дарына, рұқсат етілмеген орындарда, сондай-ақ интернет арқылы қатысуға тыйым салынады. Осылайша, заңнамалық талаптар едәуір қатаңдатылды. Ойын мекемелерге бару тәртіптік жауапкершілікке әкелсе, құмар ойындарға қатысу мемлекеттік қызметшілерге қатысты жағымсыз салдарға алып келуі мүмкін. Осы нормалардың сақталуын түсіндіру және тұрақты мониторинг жүргізу бұзушылықтардың алдын алу және белгіленген талаптарды жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға бағытталған.

Айбек ШІЛМАНОВ, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Ақтөбе облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

ЗАЙЫРЛЫ ЕЛ - РУХАНИЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНАРАЛЫҚ ТҮСІНІСТІК

Құрметті қауым! Қазақстан қоғамындағы зайырлылық, руханилық және дінаралық түсіністік жайлы болмақ. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қоғамда діни жаңғыру орын алуда. Дін – әлеуметтік, психологиялық, дүниетанымдық құбылыс. Әрбір қоғам отбасынан, отбасы жеке адамдардан тұратын болса, әрбір индивидтің жеке дүниесі бар және ол өзінің, қоғамның, мемлекеттің, жаратушының алдында жауапкершілігі бар тіршілік иесі. Оған қоса дін қоғамға, басшыға, жеке адамға, қысқасы әрбір қоғам мүшесіне міндеттер жүктейді. Ал діндар үшін біріншіден, діннің бұйрықтарын орындау, тыйымдарынан қашу, құлшылық пен мінажаттарын жүзеге асыру Жаратқанның бұйрығы, жеке жауапкершілігі болып табылады. Оны орындамаса, діни тұрғыдан күнә жасағаны және іштей қайшылыққа түседі. Бұл оның жан дүниесінде психологиялық күйзеліс туғызады. Екіншіден, мемлекеттің заңы мен тәртібін мойындап, заңына бағынып, құрметтеу оның азаматтық борышы, міндеті. Бұл тұрғыдан діндар адам екі міндет арасында қалып отыр. Бірі діни міндеті, екіншісі мемлекет алдындағы азаматтық міндеті. Осы екі талаптың, құндылықтың арасын реттеу, оңтайлы шешім шығару, азаматтардың өзін екі жағынан да толыққанды сезінуі елдегі зайырлылық қағидаларының түсіндірмелеріне тікелей байланысты.

Құран Кәрімде: Ата-аналарыңмен, туған-туысқандарыңмен, жетімдермен, қамқорлық қажет болған адамдармен, алыс-жақын көршілеріңмен, достарыңмен, қол астындағы қызметкерлеріңмен жақсы мәміледе болыңдар!» (Ниса сүресі, 36 аят) Пайғамбарымыз көрші хақы туралы хадисінде: «Егер көршің басқа дін өкілі болса онда бір хақысы бар (көрші ақысы) бар, егер ол мұсылман болса онда екі ақысы бар (әрі көрші хақысы әрі мұсылман бауырыңның хақысы), ал көршің әрі мұсылман әрі туыс болса онда үш ақысы бар» деген ғой. Сондықтан өзге дін өкілдерінің сеніміне, ұстанымына құрметпен қарауды пайғамбар сүннетінен таба аламыз. Зайырлылық қағидаларының бірі де осы ғой. Дін ісі мемлекет ісінен бөлек дегенімен, дін мен қоғам бөлек деген қағидады тудырмайды. Себебі, қоғамдағы діни ахуалды реттеу, қадағалау, діни бірлестіктермен жұмыс, олардың қызметтерін қадағалау, қазіретілетін қызметтер комитеті, гідей рухани бағытын айқындау кезеңіндегі және радикаллогиялар» АҚ және ҚР Ішкі істер министрлігінің бірлескен жұмысының нәтижесінде іске қосылды.

мәдени-рухани ұстанымдарына және тарихына, саяси, құндылықтық мүддесіне қарай қалыптастыруы заңды құбылыс. Бұған Ресей, Түркия тіпті кейбір араб елдері және Еуропа-ның бірқатар елдерін мысал беруге болады. Қаншалықты діни құндылықтар немесе діндарлардың саны басым болғанымен қоғамдық және әдеуметтік қарым қатыстарды реттеуде зайырлылық қағидалары мен зайырлы құқықтық нормалар маңызды күшке ие бола береді. Сондықтан діндарлардың көрсеткішінің артуымен зайырлылық қағидаттары мен құндылықтарына ешқандай да шектеу болмасы анық. Тек дін мен діни қызметтер тетіктері дұрыс қалыптастырылса болғаны.

Құрметті қауым! Зайырлы мемлекетте діни сенім бостандығы - азаматтардың қандай да бір кедергіге ұшырамай қалаған дініне сенуі, оның талаптарын еркін орындауы, ұстанатын діни туралы ойлары мен білімін ауызша немесе жазбаша тарату, сол дінді еркін үйреніп, басқасына еркін тарату, мемлекет тарапынан белгіленген заңға сай әрекет ету шартымен отбасында немесе қоғамдық орындарда өзінің сенген дінін ұстану мүмкіндігі. Алайда елімізде дәстүрлі емес діни бірлестіктердің қызметін бақылау үшін қойылған талаптар, дәстүрлі дін өкілдерін де қамтығандықтан кейбір теңсіздіктер туындауы ықтимал. ҚР Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңның 7-бабындағы қойылған талаптарда заңның приамбуласындағы басымдық қарастырылмайды. Ал, іс жүзінде дәстүрлі емес діни ұғымдар мен бірлестіктер заңның талаптарын көбінесе сақтамайтындықтан, қоғамның тыныштығына мүддесі дәстүрлі діндер мен бірлестіктердің қызметі шектеледі де теріс діни идеологиямен күресте жеңіліс тауып отырады. Сонымен зайырлылық қағида-сы, тепе теңдікті қамтамасыз ететін жүйе. Бұл жүйеде дін мен мемлекет жеке-дара өмір сүруі тиіс. Бірақ, Қазақстанда концептуальді түрде зайырлылықтың қағида-тары айқындалмаса жоғарыда айтылған қайшылықтар мен тайтала-с әлі де созыла бермек. Сондықтан мемлекеттік, саяси ұстанымды күнтіртіктен арылтып, айқындау қажет болса, өз кезегінде діни бірлестіктер, соның ішінде дәстүрлі дін ұйымдары да анықтамалық аппаратты айқындауда белсене қатысуы тиіс. Жалпы әрбір дін ұстанушы яғни діншіл адам өзінің ұстанатын дінін дұрыс деп есептейді. Өздеріне тиесілі канондары бар. Басқа діндердің канондарымен келіспеуі мүмкін. Діндер өздерінің сол канондары мен догматтары арқылы ерекшеленеді және оларды өзгерту немесе догматикалық салада белгілі бір келісімге

келу мүмкін емес. Адамның өмірдегі өзінің орнын түсіну, өнегелік бағыт-бағдарларды іздеу және олармен байланысты діншілдіктің ішкі қайшылықтары да болатыны белгілі. Сондықтан дүниетанымның қалыптасуына экзистенциалды мағынадағы факторлар әлбетте ықпал етеді. Дүниетаным – бұл тек дүниесезім, күйзеліс, асқақ мұраттар ғана емес, сонымен бірге содан туындайтын нық сенім, өмірлік ұстаным, әлеуметтік-саяси мұраттар, оқиғаға баға беру. Тіпті бұл адамның нақты бір жағдайларда белгілі бір мінез-құлықтық әрекетке шынайы дайындығы. Дүниетанымның қалыптасуына, өсіресе оның танымдық өрісіне білім айтарлықтай ықпал етеді. Осы себептен, зерттеу нысанасы ретінде арнайы университетте білім алушы студенттік жастар алыныды. Білім азаматты, толыққанды тұлғаны қалыптастыруға тиіс. Жоғарғы дүниетанымдық бағыт-бағдарлардың жоғалуы шектен шыққан қылықтарға, тұлғаның өздігінен құлдырауына әкеліп соқтыруы мүмкін. В. Соловьев ақыл мәселесін, өмір сүру шындығы, оның мағынасы мәселесін шешетін және сонымен бірге еріктің жоғарғы талаптарын қанағаттандыратын биік деңгейдегі сенімнің қажеттігі туралы айтқан болатын.

Құрметті жамағат! Мұсылманшылық әсте-әсте деген қанатты сөз бар. Тәуелсіз елімізде асыл дініміз күн санап нығайып келеді. Осының көп көретіндер де, аз көретіндер де бар. Алайда елімізде зайырлылық қағидаттарының орын алуы жалпы діндарлар үшін де тиімді жағдай. Жалпы зайырлылық ұстанымдары діннің ішкі қағидаларында да орын алады. Сол себепті мемлекеттің зайырлылық ұстанымдары мен қағидаттары діннің қағидалары және адамгершілік нормаларымен үндестік таба отырып қалыптастырылса құба-құп болар еді. Бұрынғы ғылым мен діннің бір-бірін жоққа шығаруы, конфронтация үрдісі де қазіргі ғасырда бәсеңдеді. Қазір өзара түсіністікке бет бұрды. Сондықтан дінді қоғамнан тыс қарастыру, оны тек қарсы майданда елестету дертінен арылған дұрыс. Қоғамдағы діни ахуал мен дін ұстанушылардың деңгейіне қарай елдегі зайырлылық қағидаттарында да өзгерістер орын алып отыра-ры сөзсіз. Сондықтан елімізге тән ішкі тұрақтылыққа негізделген зайырлылық түсінігі жетіле беруі заман талабы болмақ. Ең басты құндылық мұсылман адамның қандай жағдайда болмасын байсалдылық пен парасаттылық танытуы деуге болады!

Бақжарық қажы ҚЫЗЫРҰЛЫ, «Ойыл аудандық мешітінің» бас имамы.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МЕРЕҮІ – БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ!

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚҰРМЕТТЕУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ АЯСЫН КЕҢЕЙТУ - БАСТЫ МІНДЕТ-ТЕРІМІЗДІҢ БІРІ. ОСЫ МІНДЕТІМІЗДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРА ОТЫРЫП, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІМІЗДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ БОЙЫНА СІҢІРІП, ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӨРТЕБЕСІ ОРҚАШАН ЖОҒАРЫДА БОЛУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАҒЫТЫНДАҒЫ ТИІСТІ ШАРАЛАР ҮНЕМІ ЖҮРГІЗІЛУІ ҚАЖЕТ.

Себебі мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, мәртебесін өсіру жолында мұндай шаралар жүргізілген кезде мемлекеттік тілдің мәртебесі одан әрі жоғары болары анық. Сонымен қатар, «Тіл тұғыры — ұлт тұғыры» екенін мәңгі жадымызда ұстауымыз қажет. Қазіргі таңда жастардың қазақ тілін дамытуға деген көптеген шаралары атқарылып жатыр. Осы аталған шаралардың атқарылуы мемлекеттік тіліміздің болашағының жарқын боларының нақты дәлелі екендігі анық. Мемлекеттік тілдің мәртебесімен қолдану аясын кеңейту жолында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотымен және барлық өңірдегі соттармен көптеген шаралар атқарылып жатыр. Оның ішінде барлық қаралған істер бойынша мемлекеттік тілде қаралған істерге талдаулар жа-

сақталып, мемлекеттік тілде көп қаралған істер бойынша тиісті соттарға нәтижелік бағалар беріледі. Сонымен қатар, Ойыл аудандық сотымен тілге қатысты мерекелік шаралар, басылымдарға мақалалар, жарыс-сайыстар өткізіліп, қазақ тілінде қанша іс қаралғандығы жөнінде статискалық есептің бағаналарына енгізіліп, есебі алынып отырады. Ойыл аудандық сотына барлық істердің басым көпшілігі қазақ тілінде түсіп отыр. Қызмет барысындағы хат алмасулар қазақ тілінде жүргізіліп, семинар сабақтары өткізіліп отырады. Осы аталған шаралар қазақ тіліне деген үлкен мән берушілік деп түсінеміз. Мемлекеттік тілге деген құрметіміз – халыққа деген құрмет. Еліміздің алдыңғы қатарлы елдердің бірі болуы үшін тіліміздің мәртебесін биік-

тетуге міндеттіміз. Тіл әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұрасы. Әр ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты – оның ана тілі. Сонымен бірге ұлттың өмір сүруінің бірінші шарты. Ата заңымызда Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі деп анық жазылған, Ата Заңымыздан туындаған “Тіл туралы” Қазақстан Республикасының заңында да осы жағдай берік қамтылған. Баршамызға ана тілі - ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес мұра. Демек әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның тазалығын сақтауға тиіс. **Ж. МАЙЖАНОВ,**
Ойыл аудандық сотының аға сот приставы.

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

ҚР АШМ ВБЖҚ Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы"Экспорт кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру" мемлекеттік қызметі ҚР АШМ 21.05.2015 ж № 7-1/453 бұйрығының 2-тарауына және осы бұйрықтың 1 қосымшасындағы бекітілген стандартқа сай көрсетіледі. Ветеринариялық сертификат беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту, өтініш түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде беріледі. Осы қағидалардың 9-тармағында көзделген дайын сүт, май және балық өнімдеріне ветеринариялық сертификат немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту өтініш түскен күні беріледі. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруші Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, ауданның, облыстың маңызы бар қаланың Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасарлары; бекіткен тізім негізінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар. **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ҰСЫНУ ТӘСІЛДЕРІ:** аумақтық инспекциялардың кеңселері, "электрондық үкіметтің" www. egov. kz веб-порталы. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті

алушы екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысан түрінде ветеринариялық сертификат бланкісінің құны төлейді. «Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығына сәйкес «Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру» сонымен қатар, «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығына сәйкес,"Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру", "Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-сани-

тариялық қорытынды беру қызметтерін көрсетеді. Мемлекеттік қызметті ауданның бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы және бекіткен тізім негізінде ветеринариялық-санитариялық инспекторлары көрсетеді. Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері: "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. www. egov. kz (бұдан әрі портал). Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 4 (төрт) жұмыс күні ішінде. **Жұмыс кестесі:** 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін; Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы сұрақтар бойынша 8 (71332-2-18-49) телефонына хабарласуға болатынын және ҚР АШМ ВБЖҚ Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Б.Жолмырзаев көшесі №18 мекен-жайына келіп қосымша мәлімет алуға болатынын хабарлаймын. **Е. МЕКЕЕВ,**
ҚР АШМ ВБЖҚ Комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының ветеринариялық-санитариялық инспекторы.

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 80 ЖЫЛ

“АТАСЫ ЖАҚСЫ ҚАНДАЙ ДЫ...”

Мен бұл жазбаны атам Дүйсеғалиев Сәркенәйға арнаймын. Менің атам 1925 жылы 16 қыркүйекте Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Құрман совхозында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының ардагері болған, өте шыншыл, адал, ұзақ жыл ұтымды еңбегі үшін "Еңбек Қызыл ту" орденімен марапатталған еңбекқор кісі еді. Атам соғыс жылдарын еш мүлтіксіз, күні кеше болғандай бөріп бізге айтып отыратын. Сол айтылған әңгімелерін атамның өз сөзімен бүгін қағаз бетіне түсіруді жөн көрдім. "...Ол кезде мен ана сүті аузымнан кеппеген, соғыстың не екенін білмейтін 17 жастағы жеткіншек бала едім"- деп әңгімесін бастайтын атам. " 1942 жылы Ақтөбе облысы Ойыл ауданының Құрман совхозына соғысқа шақырту келіп, бәрімізді алып бара жатты. Артымыда зар еңіреп анам мен бауырларым қалды. Бойым аласа, арық, сары бала едім, бойымның аласалығы сол, арқама ілген мылтықтың дүмбісі тобығыма тиіп тұратын. Өзім сияқты жас жауынгерлер елге аман-есен оралатынына күдіктеніп, көңілісіз келе жатқан еді. Жол-жөнекей бір әжей жауынгерлерге құмалақ аша бастады. Шетте отырған мен де жанына барып, ықыласымды білдірдім. Әжей құмалағын шашып, қарап отырып, менің жеті жылдан астам уақыттан соң аман-есен оралатынымды айтты. Сенер-сенбесімді білмеген мен кайтадан қаруын өтінді. Екінші ретте әжей дәл солай жауап беріп, бірақ шамалы аяғымды жарақаттап алатынымды айтты. Қалтамда өте аз ақша болса да, айтқан жақсы сөзіне ырза болып, сол қара кемпірге тиынымды ұсынып кеттім. Келесі күні біздің құрам жүрейін деп тұрғанда, пойыз бригадирі су әкелуімді өтінді. Ойымда ештеңе жоқ, мен шелегімді ала жүгіре жөнелдім. Су алуға барғанда үлкен кезекті күтіп қалдым. Суды алып қайтадан пойызға келген кезде сол пойыздан қалып қойып, көз алдымда жөнеліп бара жатқанын көріп, еңіреп жыладым. Еріксіз еңіредім, өлтікені келесі эшелон тек бір атадан соң келетін, ауылдан аттап басқа жерге шығып көр-

меген баламын, бір ауыз орыс тілін білмейм, не істеймін, қайда барамын деп есеңгіреп тұрғанда сол жерде мені бір орыс кемпір жұбатып, үйіне алып кетіп, бір апта баққан болатын. Артынан мен қалып қойған пойыздың (ол кезде эшелон деп аталатын) үстіне бомба түсіп, көп жауынгердің оққа ұшқанын естіп, құдайдың мені сақтағанын, менің ажалымның болмағанын сол кезде түсіндім. Біздер не көрмедік, мұз жастандық, қар жамылдық, төсегімізді орманнан кесіп әкелген ағаштармен ауыстырдық, кей кездері тамақ болмай қалатын кездер болады, өлімтіктердің етін жеп, шықпа жаным шықпаның күйін кештік. Жанымда өзім сияқты кеңіл күйлері жоқ солдаттар. Талай рет қарша бораған оққа түспеу үшін тізерлеп, жорғалап жүргенімізде, екі тіземізбен шынтағымыздан қан сорғалайтын. Бір күні кешқұрым рота командирі кезекте тұрған мені отын әкелуге жұмсады. Жанымды шүберекке түйіп, ішімнен оққа ұшып кетпес пе екенмін деген оймен шығып келе жатқанда анадайдан немістің "Рама" деген ұшағы бізге қарсы оқ жаудырып келе жатыр екен. Қарсы алдымда бәйтеректің түбінде бір орыс қызының өлең айтып отырғанын байқадым, кенет жан-жағым ыстық боп кеткенін, бомба түскенін, өзімнің құлағанымды сездім. Есімді госпитальда жидым. Жанымдағы достарым мені іздеп, үйінді топырақтың астынан солдаттар киетін жабудың шетін көріп қалып, қазып тауып алған екен. Аузы-мұңнымнан қан кетіп, оң жақ аяғым омырылып сынған мені дереу әскери госпитальға жеткізген екен. Содан есімді жиганнан кейін әлгі орыс қызды сұрасам, оның бір аяғын сол сәтте оқ алып кеткен екен. Бұндай жағдай бұдан кейін де бірнеше рет қайтанып отырды. Негізгі бомба 40-50 метр қашықтықта түссе онда адам аман қалады, одан ары жақындаса сүйегің де жоқ болады. Мен орыстардың арасында жалғыз қазақ болдым, менің есімім Сәркенәй болғанымен жауынгерлердің бәрі мені Сашка деп атайтын,

арық, шымыр едім. Пушкіге оқ тасуға әлім келмегендіктен, құлағымға мақта тығып, сыртынан орап қоятын. Пушканы ат!- деген бұйрық келгенде мен атамын. Құлағымнан қан ағатын кездер болатын. Өте тіл алғыш едім, командирлер не айтса да жүгіре жөнелетінмін, сол үшін олар бізге екі "тушенка" беретін. Тамақ үшін бәріміз жүгіретінбіз. Талай еңбегім үшін медаль беріп марапаттаған кезде, "Маған медаль емес, өмір керек!" дейтін едім. Қасымда ешқандай қазақ болмады, кілең орыстар, украиндердің арасында жалғыз қазақ баласы болдым. Бір өзбекті көріп қалып, туысымды көргендей қуанып, толқығаным есімінен кетпейді. Сондай бір соғыстың сұрапыл күнінде қасымда украин жігіт екеуіміз окопта жатқанымызда екі неміс солдатты көлді. Іштей "өлдік, бәрі бітті!"деп ойлап жатқанымызда екеуі бір-бірімен немісше сөйлесіп, бізге тиіспей кетіп қалды. Сонда біздер, бұлар да біз сияқты солдаттар ғой, аяған шығар деп түсіндік. Көрер жарығым көп болған шығар, Алла мені көп жерде ажалдан аман алып қалды. Содан Берлинді азат еткен Кеңес үкіметі жауынгерлері өте көп болды. Жақын жердегі деревняларға солдаттардың бір бөлігін 2-3 айға қоныстандыруға тура келген. Ішінде мен де бармын. Бір күні ойымда ештеңе жоқ, мылтығымды тазартып отырған едім, кенеттен "Победа!" деген дауысты естідім. Сол кезде ойларымда ештеңе жоқ жауынгерлер, бүкіл көрген бейнеттерін ұмытып, құлақшындарын аспанға лақтырып мәз болды... Бірақ одан кейін бізді Дальний Востоққа Қытайға, Большой Хинган деген жерге алып кетті, жапондармен соғысуға. Ол жақтан кейін де әскери міндетімізді жалғастыруға бізді Сахалинге алып кетті, себебі соғыстан кейін солдаттар аз болғандықтан орын толықтыратын солдаттар жоқ болды. Араға жыл жарым салып, орнымызға басқа солдаттар келіп, біздер босатылып, жеті жылдан астам уақытты өткізіп, елге оралдық. Ойлап қарасам, соғысқа аттанған кездегі бағы қара кемпірдің "7 жылдан

астам уақытта аман-есен елге ораласың" деген болжамы дәл келген екен..." Атам осылай соғыс жылдарындағы оқиғаларын айтқан сәтте, ерекше сезіммен, ерекше құлшыныспен айта-тын. Қанша жыл өтсе де, қарт кезінде баяндаса да, сол кездегі командирлердің, жауынгерлердің, болған жерлерінің, станцияларының, орыс деревняларының атын еш ұмытпай, қателеспей, әр оқиғаның датасына дейін дәлме-дәл айтып отыратын. Қан төгілген жылдардағы әр оқиға қанына сіңіп, ұмытылмастай із қалдырған. Атамның кеудесіндегі өзімен бірге үнемі жылтырап жүретін "За отвагу", "За освобождение" деген медальдарынан Варшава, Чехословакия, Большая Хинган, Берлин, Белград т.б көп алаларда болып, Отан үшін отқа да, суға да түскенін түсінетінбіз. Атам ауылға жеткенше бірнеше айы жолға кеткен екен. Содан айтуы бойынша, Мақат деген станциядан түскенде, жауынгерлерді күтіп тұрған қаулаған адамдардың арасынан ешкі жетектеп жүрген Төлеубай деген інісін танып қалады. Соғысқа аттанған жылы 7 жастағы балғын бала болған інісі 14 жастағы жеткіншек болып есейіп қалған екен. Алғашында інісі атамды танымаған. Араға жеті жылдан астам уақыт салып қауышқан бауырымен құшақтасып, қал сұрасып, "мына ешкіні не істейін деп жүрсің деп сұрап едім, сатып шешеме көйлек алайын деп едім, деді бауырым"- деп атам жымиып үнемі есіне алып отыратын. Атам тамырын тереңге жайған бәйтерек секілді үлкен отбасылы болып, он бала сүйіп, барлығын адалдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеп, 19 немере, 4 шөбере, 17 жиенінің маңдайынан сүйіп, ықыласына бөленген кісі. 2008 жылы 83 жасында атам өмірден өтті. Қазіргі таңда әкеміз Кенжеқыз әлі де балаларының қызығын көріп отырған қарт ана. Ұрпағына бейбіт өмір сыйлаған атамның ерлігін еш ұмытпаймыз... Еш ұмытылмайды... Мәңгілік есімзде...

Бақытгүл Нұрланқызы ҚАМБАРОВА, Жиені.

“ОЙЫЛДЫҢ БІРТУАР ПЕРЗЕНТІ”

БИЫЛ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША “ОҚИТЫН ӨЛКЕ - 2025” АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА БІЗДІҢ ЖЕРЛЕСІМІЗ, САТИРИК, «ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ», ТАБЫЛ ҚҰЛЫЯСТЫҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ САТИРАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТАҢДАЛЫНЫП, ЖЫЛ БОЙЫ НАСИХАТТАП, ЖЫЛ БОЙЫ ОҚИТЫН БОЛАМЫЗ!



Жазушылық таланты мен шығармашылығының өріс-аясы тұрғысынан келгенде, оның бүгінгі сөз сарбаздары арасында кеңінен танымалдығын, әрі өзіндік қолтаңбасы берік орныққан бірегей қаламгер екендігін атамеңкі алдында мақтанашпен мәлімдеуге болады. Ендеше қысқаша өлкелік жазушының өміржолына тоқталсақ... Табыл Құлыяс 1935 жылдың желтоқсанында Ақтөбенің Ойыл ауданында Қаракөл жерінде дүниеге келген. 1978 жылы ҚазМҰУ-ды бітірген. 1950 жылдан бастап республикалық «Пионер» журналы, «Қазақстан пионері», «Лениншіл жас» газеттерінде мақалалары шығып тұрды. 1957 жылдан Ойыл аудандық «Еңбек туы», «Жаршы» газеттерінде аймақтық, республикалық басылымдар да очерктері жариялана бастады. «Көкшетау правдасы», Жамбыл облыстық «Еңбек туы» газеттерінде қызмет істеген. Тұңғыш сатиралық кітабы «Кесілген бұрым» 1977 жылы жарық көрді. «Сауда сақал сипағанша», «Қоңыраулы күлкі-грамм», «Жалмауыз», «Құйын», «Ақмылтық» (екі том) сатиралық кітаптары, «Шемен шер», «Дүние дәурен», «Ізет» сияқты очерктері, Жиенғали Тілепбергенов туралы «Аңыз ізімен» романы шықты. ЛКЖО-ның Құрмет грамотасымен, «Тың игергені үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған.

Ойыл ауданының Құрметті азаматы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Жазушының сатиралық шығармаларын жастар арасында танымалдылығын насихаттау мақсатында, Ойыл аудандық орталық кітапханасының ұйымдастыруымен “Түнгі кітапхана” аясында “ОЙЫЛДЫҢ БІР ТУАР ПЕРЗЕНТІ” атты танымдық кеш өткізілді. Кеш барысында жерлес жазушының өмірі туралы және шығармаларының шығу тарихына шолу жасалды. Кітапхана қызметкері Айгүлім Мырзабек “Жыланьы тілі” сатиралық романына талдау жасап, жастар жерлес жазушымыз туралы білетін мәліметтерін ортаға салып, бір-бірімен ой бөлісті. Кітапханамыздың тұрақты оқырманы Жасмина Омарова “Жиембет батыр” кітабынан үзінді оқып берсе, Азамат Жасұланұлы шығармаларын таныстыра отырып, соның ішінде “Ақмылтық” кітабына талдау жасау арқылы оқырмандардың қызығушылығын арттырды. Осы сәтте кешке жиналған жастар, жерлес ағамыздың шығармаларынан жарыса оқып, өз ойларын білдіре отырып, жазушы туралы тереңірек танысып, алдағы уақытта да жазушы шығармаларын оқымақшы болып, ой тастады. Оқырмандар кітапханашыларға кештің өту барысына лиза болып, кеш туралы өз ойларын айтып, ілтипаттарын білдіріп, ұсыныстарын тастады.

Балнұр ҚАЛЫБЕКҚЫЗЫ,
Ойыл аудандық орталық кітапханасының кітапханашысы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1422 дана. Тапсырыс 395 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

МӘУЛЕН ӨШІМБАЕВ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ ӨТКЕН АПТАДА ТӨУЕЛСІЗДІК САРАЙЫНДА СЕНАТ ЖАНЫНДАҒЫ МӘСЛИХАТТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ ӨТТІ.



Отырысқа Парламент депутаты, Үкімет мүшелері мен сарапшылар қатысып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформаларын іске асыру барысын талқылады. Сенат Төрағасы Мәулен Өшімбаев мәслихаттардың рөлі айтарлықтай нығайғанын, олар жергілікті жерлерде қоғамды ұйыстырушы орталыққа айналғанын атап өтті. Отырыс барысында өңірлік саясатты іске асыру және мәслихаттар мен сенаторлар арасындағы ынтымақтастықты нығайту мәселелері қаралды. Қатысушылар жергілікті органдардың ашық ері тиімді жұмысын қамтамасыз ету қажеттігін мәлімдеді.

Мәслихаттармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестің

кеңейтілген отырысы өтті. Отырысқа Парламент депутаты, Үкімет мүшелері мен сарапшылар қатысып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформаларын іске асыру барысын талқылады. Сенат Төрағасы Мәулен Өшімбаев мәслихаттардың рөлі айтарлықтай нығайғанын, олар жергілікті жерлерде қоғамды ұйыстырушы орталыққа айналғанын атап өтті. Отырыс барысында өңірлік саясатты іске асыру және мәслихаттар мен сенаторлар арасындағы ынтымақтастықты нығайту мәселелері қаралды. Қатысушылар жергілікті органдардың ашық ері тиімді жұмысын қамтамасыз ету қажеттігін мәлімдеді.

ОЙЫЛ ХАЛЫҚ ТЕАТРЫ: «АДАСҚАН МАХАББАТ»

Ойыл халық театры көрермендерін жаңа қойылыммен қуантты. Бұл жолы сахнада кернекті жазушы, Мемлекеттік сыйластың лауреаты Софы Сматаевтың «Адасқан махаббат» драмасы сахналанып, көрермен жүрегінен ерекше орын алды. Туындыда махаббаттың адасқан сәттері, өмірлік таңдаулар мен олардың қайғылы салдары, адамгершілік пен ар-ождан мәселелері тереңнен суреттеледі. Шығарма желісі – өмірден алынған. Анасының еміне ақша табу үшін заңсыз жолға түскен жас жігіттің тағдыры арқылы қоғамдағы рухани құндылықтардың құлдырауы, отбасылық тәрбие мен адамдық қасиеттің әлсіреуі шынайы көрсетіледі.

Бұл драма көрерменге тек эстетикалық ләззат сыйлап қана қоймай, терең ой салып, әр адамды өз ар-ожданына үйілуге мәжбүрлейді. Қойылымда басты рөлдерді жергілікті өнерпаздар сомда-

ды. Кейіпкерін көрерменге жеткізу кезінде өнерпаздар өз шеберліктерін толық көрсете білді. Актерлердің шынайы ойыны, сахналық әрекет пен мимика – барлығы да көрерменді оқиғаға еліктіріп, эмоциялық толқыныс сыйлады. Сахна безендірілуі мен костюмдердің үйлесімі, музыкалық сүйемелдеу қойылымның көркемдік құндылығы. Құдды бір кәсіби театр сахнасында отқандай сезімге бөленді. Режиссерлік шешімдер де спектакльдің мазмұнын толықтырып, көрерменмен байланыс орнатуға көмектесті. Кеш соңында көрермендер қошеметін аямады. Қойылымнан кейін пікір білдіргендердің айтуынша, олар жергілікті өнерпаздарды мүлде жаңа қырынан танып, кәсіби театрдың қойылымын көргендей әсер алған. Бұл – Ойыл халық театры ұжымының еңбегі мен ізденісінің, шығармашылық өсуінің айқын дәлелі.

ҚОҚЫСТЫ БАҚЫЛАУСЫЗ ЖАҒУ - ҮЛКЕН АПАТҚА ӘКЕП СОҒУЫ МҮМКІН!

КӨКТЕМ КЕЗІНДЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР АУМАҒЫНДА ҚҰРҒАҚ ШӨП ПЕН ҚОҚЫСТЫҢ ТҰТАНУ ЖАҒДАЙЛАРЫ КӨП КЕЗДЕСЕДІ. ОСЫНДАЙ ЖАҒДАЙЛАР ӨДЕТТЕ ҚОҚЫСТЫ ҮЙІНДЕ ЖӘНЕ ЖАҒУ КЕЗІНДЕГІ ТАЛАПТАРДЫ БҰЗУ САЛДАРЫНАН ТУЫНДАЙДЫ.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» 59 тармағына сәйкес, Алау жағу, қалдықтар мен ыдыстарды өртеу ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 50 метр қашықтықта жүзеге асырылады деп көрсетілген. Ғимараттар мен құрылыстардан 50 метр қашықтықтағы қоқыс жағылатын алаң құрғақ шөп пен жапырақтардан тазалануы керек. Қоқыс тек күндізгі уақытта, тұрақты бақылау болған жағдайда ғана жағылуы қажет. Қоқыс жағылғаннан кейін отқа су құйылып, мұқият өшірілуі тиіс. Өшірілмеген отты қараусыз қалдыруға тыйым салынады. Ойыл ауданының ТЖБ ескертеді! Ашық алаңдардағы қоқысты бақылаусыз жағу үлкен апатқа әкеп соғуы мүмкін. Ауланы тазарту үшін, ауладағы қоқысты өртеп, оны бақылаусыз қалдыру салдарынан сіз айналаңыздағы қаншама затқа орасан зиян әкелетінінізді түсінгеніңіз абзал. Өрт салдарынан адам өміріне де қауіп әкелетінінізді ескеріңіз. Ауладағы көктемгі жұмыстарды атқарғанда және

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

ФИТОСАНИТАРЛЫҚ СЕРТИФИКАТТЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіп кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы ММ “Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру” мемлекеттік қызметін көрсетеді. «Карантинге жатқызылған өнімнің ҚР-нан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру» мемлекеттік қызметтерді көрсету қағаз және электрондық форматта жүргізілетінін хабарлаймыз. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциялары, оның ішінде «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz, www.elicense.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері фитосанитариялық сертификат алуға порталға жүгінген кезде – 2 (екі) жұмыс күн және мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі. **Қажетті құжаттар:** 1)осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім; 2)жеке тұлға үшін-жеке басын куәландыратын құжат; 3)импорттаушы елдің өсімдіктер карантині жөніндегі ұлт-

тық қызметінің өсімдіктер саласындағы талаптары.

Ескерту: Көрсетілген қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және қолдану мерзімі өткен құжаттарды тапсырған кезде аумақтық инспекция өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Аудан тұрғындарына аудан орталығына карантинге жатқызылған өнімді (бақша өнімдерін, қауын- қарбыз т.б.) экспорттаушы елдің ұлттық карантиндік қызметінің фитосанитариялық сертификатынсыз, карантинге жатқызылған, фитосанитариялық тәуекелі жоғары өнім партиясын ҚР-ның аумағына әкеліп сатса 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ӘҚБК 400 бабы 2 және 12 тармақшасы бойынша жеке тұлғаларға - 20, лауазымды адамдарға,шағын кәсіпкерлік субъектілеріне - 30, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - 40, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынатындығын ескертеміз.

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекен-жайы: «ҚР АШМ АӨК МИК Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы» ММ Ойыл ауданы,Жолмырзаев көшесі № 18, электрондық адресі: abdullin.b@minagri.gov.kz тел.8(71332)2-18-21.

Б. АБДУЛЛИН, Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының басшысы.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ: НЕНІ БІЛУІМІЗ КЕРЕК?

Қазақстан - бірегей табиғаты бар ел, онда далалар, таулар, көлдер мен ормандар таңғажайып экожүйелерді құрайды. Қоршаған ортаны қорғау -Қазақстанның әрбір азаматының алдында тұрған аса маңызды міндет. Біздің еліміз экологиялық бұзушылықтардың алдын алуға және табиғи ресурстарды сақтауға бағытталған қоршаған ортаны құқықтық қорғау жүйесін белсенді дамытуда. Азаматтардың қолайлы ортаға құқығы Конституцияда бекітілген. Негізгі Заңның 31-бабының 1-тармағында: «Мемлекет адамның өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қорғауды мақсат етеді» деп көрсетілген. Аталған конституциялық ереже Экологиялық кодексте көрініс тапқан. Кодекске сәйкес, әрбір азаматтың қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпаратқа қол жеткізуге, оны қорғауға және қалпына келтіруге қатысуға, сондай-ақ экологиялық құқық бұзушылықтан келтірілген залалды өтем ақысына құқығы бар. Экологиялық қатынастарды құқықтық реттеу он негізгі қағидатқа негізделген. Олардың ішінен ең маңыздылары мыналар:

- зиянның алдын алу қағидаты - қоршаған ортаға теріс әсер етудің алдын алу, ол орын алғанға дейін шара қолдану;
- «ластаушы төлейді» қағидаты - табиғи ресурстарды ластағаны үшін жауапкершілікке, оны жасаған адам тартылады;

- ресурстарды тұрақты пайдалану қағидаты - ресурстардың болашақ ұрпақ үшін қайталануы және сақталуы үшін экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз ету. «Ластаушы төлейді» қағидасы дегеніміз – егер адамның қызметі қоршаған ортаға зиян келтірсе немесе адамдардың денсаулығына қауіп төндірсе, онда ол осы қызметінің салдарын алдын алу, бақылау және жоюға байланысты барлық шығындарды өтеуге міндетті. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартудың нақты тетіктері қарастырылған. Мысалы, Қылмыстық кодексте арнайы «Экологиялық қылмыстық құқықбұзушылықтар» деп аталатын жеке тарау бар, онда 19 қылмыс құрамы көрсетілген. Олардың қатарына: атмосфераны ластау, жерді бұлдіру, заңсыз аң аулау және басқа да құқықбұзушылықтар жатады. Мұндай экологиялық қылмыстардың жеке тарауда қарастырылуы олардың маңыздылығын көрсетеді. Тұрақты экологиялық жағдай және қолайлы қоршаған орта – халықтың әл-ауқатының маңызды қайнар көздерінің бірі. Егер сіз экологиялық бұзылулардың, мысалы, өзеннің ластануы немесе заңсыз ағаш кесудің куәгері болсаңыз, бұл туралы жергілікті Экология

«ТҰРМЫС» ШАРАСЫ - ТЫНЫШТЫҚТЫҢ ТІРЕГІ

АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ 10 ЖӨНЕ 14 СӘУІР АРАЛЫҒЫНДА ОТБАСЫЛЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРҒА ЖОЛ БЕРМЕУ МАҚСАТЫНДА «ТҰРМЫС» ЖЕДЕЛ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС ШАРАСЫ ӨТКІЗІЛЕДІ.



«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» және «құқық бұзушылықтар профилактикасы туралы» заңдарының талаптарын орындау мақсатында өтетін шара аудан көлемінде отбасы-тұрмыстық қарым қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу, қылмыс пен құқық бұзушылыққа бейім тұлғаларға қатысты қорғау нұсқамасын шығару, ерекше талап белгілеу, профилактикалық есепте тұратын адамдармен жұмыс ұйымдастыру, сондай ақпараттық насихаттауға бағытталып отыр. Жедел алдын-алу іс-шарасы барысында профилактикалық есепке алуға жататын адамдарды, спирттік ішімдіктерге, отбасы

тұрмысы саласында құқық бұзушылықтар жасайтындарды, тұрмысы төмен отбасыларды есепке алу жүргізіледі. Ішкі істер органдарында есепте тұрған «қорғау нұсқамасы шығарылғандар», «ерекше талап белгіленгендер», «алкогольдік өнімдерді шамадан тыс қолданатындар» санатарымен тұрған адамдарды ЖПҚБ-нің учаскелік полиция инспекторларымен және отбасылық-тұрмыстық зорлық зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі тобы инспекторларымен бірлесіп, тұрғылықты мекен жайлары бойынша тексеріп, олармен профилактикалық жұмыстар жүргізілетін болады.

Ойыл аудандық полиция бөлімі

САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ ІІ - ТОҚСАН БОЙЫНША ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Қабылдау жүргізетін адамның аты- жөні	Қабылдау күндері мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Сарбие ауылдық округі әкімі Ә.Кереев	Сәуір 3,9,15,22,25,30 Мамыр 5,12,16,20,23,27 Маусым 4,9,13,16,20,25,30	Жастар көшесі № 16	35-2-20

2025 ЖЫЛДЫҢ – ІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның Т.А.Ө	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның, ұйымның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекен-жай
«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Сағынғалиев Рүстем Темірұлы	Ойыл ауылдық округінің әкімі	Әр аптаның дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69	2-10-20 uil.selskiakimat@mail.ru
«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Алдияр Арсланбек Алтынбекұлы	Ойыл ауылдық округі әкімінің орынбасары	Әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69	2-10-20 uil.selskiakimat@mail.ru